



Джумадуллаева А.Н.

**ҚАЙТА ӨРЛЕУДӘУІРІНІК
КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ
Н.МАКИАВЕЛЛИДІҢ
«ФЛОRENЦИЯ ТАРИХЫ»
ЕҢБЕГІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

В данной статье рассматриваются политические взгляды Никколо Макиавелли на развитие Италии, изложенные в его наиболее значительной работе «История Флоренции».

This article deals with the political views of Nicollo Machiavelli on the development of Italy stated in his famous «History of Florence».

Макиавелли «Флоренциянын тарихында» Италиянын түбіне жететіндер тирандар, кондоттьерлер, ал ен бастысы – елдін басын қосып біріктіруге кедергі жасаушы папалық деген идеяны шығармасына арқау етті. «Соғыс өнері туралы» деген трактатында Макиавелли, жалдамалы әскерлер мен кондоттьерлер Италияны апатқа ұшыратады: одан құтылудың жолы – тұрақты халық армиясы жүйесіне кешу болып табылады деп дәлелдеді.

Макиавеллидің ойынша: мемлекеттік билік жекелеген адамдардың қандай да бір дөрежеде имандылық түсініктері мен құндылықтарынан жеке адамзат түсініктерінен жоғары және оқшау тұрған нәрсе емес. Саясат пен билік саласы - бұл күрестін ерекше зандары, дүшпанды жою зандары колданылатын, мақсатқа қол жеткізу үшін барлық құралдар пайдаланылатын орта. Макиавелли бұл идеяны өзінін тарихты зерттеуінін жеке тәжірибесінен алып отыр. Өзінін объективтілігіне көміл сенімді байқаушы ретінде, ол атап айтқандай өзі байқайтын осы сала екеніне көміл сенген.

Саясат саласы туралы Макиавеллидің ой-пікірлерінде бірқатар жәйттарды айырып айтқан жөн: байқаушы және зерттеуші ретінде онын саясат теориясы мен практикасын зерделеуінен және білімнен шығаратын қорытындыларын, саяси қайраткердің кенесшісі ретіндегі, тәжірибелі саясаткер ретіндегі онын ұсынымдарын, онын жеке басынын сүйкімділігін, мақсат-мұраттарын, саясат саласындағы қайсыбір зандылықтар мен фактілерге көзқарасын бөліп айтуға болады. Жоғарыда айтып өткендей Макиавеллиден кейін тарихта "макиавелишілдік" термині орнықты, оның мәні мақсат құралды анықтайды деген ұғымды танитын саясатты білдіреді. Алайда бұл макиавеллишілдікі және Макиавеллидің өзінін сенімін, әste де, теңестіруге бола қоймас. Саясат пен заннаманын қайсыбір мәселелерін айта отырып, объективті байқаушы ретінде, саясат тарихын сипаттай отырып, ол бірде былай деген еді: онын саясат саласындағы қорытындылары - бұл онын субъективті ниеті мен мұраттары емес, керісінше объективті шындықтың белгілерін айқындау. Ол өзінін мұраттары мен нақты саяси тәжірибелі теңестіруді атап көрсеттейді [2].

Н. Макиавеллидің «Флоренция тарихы» қазіргі заман үшін өте құнды. Себебі кітап ортағасырларда ірі өркениет орталығы болған Рим империясына қатысты ішкі және сыртқы саяси оқиғалардың барысын мәлімдейді. Тіпті



аталмыш еңбектің бірінші бөлімінде біздін тарихымызда маңызды орын алатын, Аттила бастаған ғұндар тайпа бірлестіктерінін империя мен болған жаугершілік соғыстары жайында өте құнды мәліметтер келтіреді. Енді осы ғұндар тұрғысында мәліметтерге кеңінен тоқталуды жөн көрдік. Айталиқ I-кітаптың екінші бөлімінде Макиавелли айтып кетеді император А. Феодосий билік жүргізіп тұрғанда, империяның батыс шекарасының қауыпсіздігін сактау тұрғысында еш шаралар жүргізбеді дейді. Нәтижесінде вандалдар Африканы иемдене бастаса, аландар мен вестготтар Испания жерін иеленген, ал франктер мен бургундықтар тек Галлияны басып алған қана қоймай, Франция және Бургундия деп өз аттарымен атаған [3]. Осы тайпалар сияқты көшпелі ғұндарда Паннонияны жаулап алғып, Дунайдын теріскеінен бастап иемденген үлкен аймакты енді солардың атымен Хунгария деп аталаған болған. Бұл ғұндардың жаугершілігі бұрында құйзелтіп келген Рим империясының сыртқы жағдайын одан әрі қыннадатты дейді. Рим жері жан-жақтан қыспакқа алынған соң, император дүшпандардың санын қысқарту үшін, бастапқыда франктермен одан кейін вандалдармен келісімшарттар жасасқан болатын, бұл жағдай өзі қүйреп тұрған империяға варварлардың ықпал артып, билік ісіне араласуын қүшентті. Ғұндар Паннонияны иемденгенен кейін, гепид, герул, туринг және остготтар сияқты халықтармен бірігіп, жаңа жерлерді басып алуға құш салады. Францияны жаулап ала алмағандықтан, енді Италия жеріне ене бастайды. Макиавеллидің мәліметі бойынша ғұндар Аттила есімді басшыларымен басқыншылықтар жасаған. Аттила билікті бөліспес үшін Блед есімді бауырын өлтірген деп хабарлайды аталағыш автор [4]. Осы жағдай Аттиланың даңқын арттыра тұсті. Енді, гепид королі Андарих және остгот королі Веламирлер онын салық төлеушілері болатын болған. Италияға басып кірісі мен Аттила Аквилеи қаласын қоршауға алғып, екі жыл бойы күреседі. Осы жылдар аралығында аталағыш қала манайындағы елді мекендердің барлығын тонап, халқын ығыстыруды. Аквилейді және т.б. қалаларды киратып басып алғаннан кейін, Аттила Римге қарай бет алған, бірақ папаның сөзін құрметтеп Италияны тастан Австрияға бет алған [5]. Кейін сол жерде қайтыс болған. 451 жылы Каталаун даласындағы шайқастан кейін, ғұндар 452 ж. Италияға ат басын бұрған. Тек қана үш айдын ішінде Аквилейді киратып, Альтино, Конкордиді, Паду сияқты қалаларды тонап, жол бойында Берш, Бергамо, Верон, Вичинц сияқты қалаларды иемденген. Аттила барлық әскерімен Тично өзенінде дейін жеткен деп Макиавелли хабарлайды [6]. Енді Римге бағыт алғанда 453 ж. Аттила Паннонияда қайтыс болған.

Ғұндар Италиядан кеткеннен кейін, император елдін жағдайын қалпына келтіруге кіріседі. Ол ен алдымен астананы Римнен Равенге ауыстырады. Макиавелли ғұндар сияқты басқа да тайпалардың империя жеріне бірнеше басқыншылық жорықтарына тоқталып, нәтижесінде римнін әлсірегенін ашық айтады. Одан кейінгі жалпы империяның ішкі сыртқы саяси жағдайларын, негізгі оқиғалар тұрғысында толық мәліметтер береді. Екінші кітабын республика мен монархиялық билік тұрлерінен бастап, Флоренцияның тарихы жайында мағлұматтар беріледі. Алдымен Флоренция деп аталауды жөнінде әртүрлі мәліметтер бар, бір супері Флоринадан шығарса, екіншілері Флоренция деп Арно ағысының бойында орналасқанын айтады. Айталиқ, Плинидің хабарлауы бойынша: «флюентийціліктар Арно өзенінің арнасында («Ad Arnum fluentem») өмір сүрген деп хабарлайды» [7].

Ал Тацит еңбегінде флорентиялықтар деп атап хабарлайды. Флоренция атауы даулы мәселе болып қала бермек. Аталағыш қаланы варварлардың тонаушылыққа ұшыратып, киратқанын Макиавелли ашына айтады. Тек Ұлы Карл қаланы қайта қалпына келтіріп, тұрғызған. Яғни, 1215 жылдан бастап Флоренция қайтадан өмір сүре бастайды деп 1353 жылға дейінгі жағдайды сипаттап береді. Ушінші кітапта 1353-1434 жылдар аралығындағы оқиғаларға тоқталған Төртінші кітапты республиканы басқарумен бастап, мемлекет ішіндегі тәртіп туралы, тәуелді адамдардың өмірін келтіреді. 1381 жылғы Флоренцияның ішкі саяси жағдайынан бастап XY ғасырдың ортасына дейінгі оқиғаларды хабарлайды. Одан кейінгі бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші кітаптарда Макиавеллидің негізгі идеясы саяси жағдай, мемлекеттің ішкі басқару тұрлери, ірі оқиғалардың жиынтығын жарияладап, өз ойын білдірі болды.

Н. Макиавелли «Флоренция тарихын» орыс тіліне аударып, баспадан шығарған Н.Я. Рыков болды. Н. Макиавелли Флоренция тарихы еңбегінде мемлекет және мемлекетті басқару, саясат тұрғысында өзінін ашық идеялары мен өсінет нақыл сөздерін келтірген.

Н. Макиавеллидің Флоренция тарихы онын творчествосының соңғы жиынтығы. Еңбекте Флоренциялық ойшылдың дүние танымының жан-жақтылығын, терен екенін байқатады.

Флоренция тарихында Никкола М. XY ғасырға дейінгі Италияның тарихи тәжірибесінде басынан кешкен биліктің, басқарушылықтың әртүрлі бағыттарын қарастырған. Италияда осы уақыт



ішінде басқарушы-реформатор болмады, «аралас» басшылық болған флоренциялық республика күйреді, «варварлардың» шабуылы күштегендіктен Макиавелли олардан Италияны құтқаруды армандаған.

Антикалық деректерге сүйенген Макиавелли адамзат табиғатының өзгермейтіндігін негізге алды. Адамдардың әрекеті өнен бойында екі қасиетпен анықталады: қорқыныш және тілек. Өз арманына адам тойымсыз, ал бар нәрседен айрылып қалу қорқынышынан өзара соғыстар туындағы. Адам үнемі құресте болады. Эрбір мемлекетте халық пен аристократия арасында қайшылық болады. Олардың арасындағы күрес ежелгі Рим республикасының жақсы зандарына ықпал етті, деген сияқты ойлары Макиавеллидің шығармасының құндылығын арттыра туследі [8]. Алғашқы кітап Флавио Биондоның "Декадасы" материалының негізінде құрылған, оны Макиавелли атамайды да: келесі үш кітап — Виллани хроникасына, аздап Мерьсионе ди Коппо Стефани дерегіне негізделген; ал қалған үшеуі түрлі деректерге: Леонардо Брунидін "Тарихына", Джованни Кавалькантидін "Флоренция тарихына", жазбалар мен ауызша шығармаларға негізделген. Макиавеллидің тарихшы ретіндегі маңызы, оның оқиғаларды дәлме-дәл суреттеуші жана материалды айналымға түсіргендігі емес. Ол өзінің деректерін сынамайды. Осылай ол ғұндардың, аварлардың және готтардың тарихын жазды. Ол үшін фактілер маңызды емес, одан шығатын қорытынды маңыздырақ болған. Оның әр қорытындысы нақты. Тарихнамадағы Макиавеллидің орны оның тарихи тұжырымдарымен бағаланады. "Флоренция тарихы" жазылғаннан кейін тарих ғылымиңдағы алғаш рет ойлардың іске асуы, ал XVI ғ. ішкі және сыртқы саясаттағы оқиғалар, елдердің арасындағы дипломатиялық және соғыс байланыстары жаңаңыктарға толы болды.

"Флоренция тарихының" кіріспесінде Макиавелли осы жұмысқа кірісер алдында өзінің алдыңғы өкілдері Бруни мен Поджиоға сүйенеді. "Олардың шығармаларын ден қоя оки отырып, - деп жазды ол, - Флоренцияның басқа мемлекеттермен және халықтармен соғыстарын суреттеуде олар тамаша, бірақ ішкі қайшылықты дәл келтіре алмаған". Осылайша әлеуметтік қайшылықтар және оның салдары тарихшыны қатты қызықтырады. Макиавеллидің тарихы жекелеген тұлғаларды суреттегендіктен адамдардың табиғи тарихы деп аталағы. Макиавеллидің оқиғалар байланысын және кезегін суреттей білуі Флоренциядағы XII — XIV ғғ. саяси қүрестердің тарихи құрылымынан. Флоренция, Рим және Афины арасындағы оқиға барысы туралы: "күрес алдымен аристократтар арасында, сосын аристократ пен пополандар арасында, ақырында попландар мен қаралайым халық арасында болды". Кейіннен гвельфтер мен гибелондар партияларының арасында қүрестің жалғасуы туралы Макиавелли: "білік үшін қүрессе бытырап екі нобилитет партиясы аристократияны әлсіретіп, пополандардың алға шығуына мүмкіндік берді. Осылайша Флоренциядағы пополандар билікті әлсіретіп, әскерді таратуға алып келеді" дейді.

Сонымен катар Макиавелли әрбір қүресте баға бере отырып, оның кейінгі дәуірдегі таптарға саяси баға береді. Мәселен, Римдегі патрицилер мен плебейлердің қүрессін Флоренциядағы магнаттар мен пополандардың қүрессімен салыстыра отырып мынадай ерекшеліктерін табады: рим халқы аксүйектермен бірдей дөрежеде басқаруға қатысуға ұмтылды; ал флоренция халқы аксүйексіз тек қана өздерінің билігін қалайды. Макиавеллидің ойынша бұл тирандықтың орнауына қалыпты жағдай туғызады.

"Флоренция тарихы" Италиядағы бұкіл саяси тарихты және Батыс Еуропадағы халықаралық қатынастарды қамтиды. 1532 ж. алғаш шыққаннан бастап 1554 ж. дейін Еуропаның көптеген елдеріне тарап аударылады. Макиавелли Гвиччардини енбектеріне жол салады және содан кейінгі тарихшылар — Нерли, Сенъи, Нарди және Бенедетто Варкіге ықпал етеді. Жоғарыда аталағы өткендей тарихи фактілерді саяси тұжырымына сәйкестендіріп алды. Ол 1520 ж. "Кастроучино Кастраканидың өмірбаянында" тиран және тоскан гибелиндерінің көсемі Лукканы сипаттауынан көрінеді. Онда Макиавелли ғылыми емес, көркем шығарма ретінде Италияны біріктіруге тырысқан кейіпкерлерді суреттейді. Дегенмен реалистік тарихи шындық суреттеледі. XVI ғ. өзінде оның енбектері папаның бақылауында жазылды. Оның шығармалары көптеген мемлекет қайраткерлерімен бағаланды, мәселен кардинал Ришелье абсолюттік монархияның бір өкілі ретінде Макиавеллидің шығармасына разы болып, ол туралы Луи Машонға апология жазуды тапсырады.

Медичилер билігі туралы Қайта өрлеу дәуірінің екі ұлы алыптары Гвиччардинидің "Италия тарихы" мен Макиавеллидің "Флоренция тарихында" арқау етеді. Ен алдымен олардың шығармаларын салыстыра отырып Медичилер билігінің тарихи шындығын айқындауға болады. Сол кездегі Италияның үстем таптары чомпилерді басқарған Микеле Ландо Флоренцияны құлаудан сақтап қалған. Пьеро Медичиідің билігін Гвиччардини ерекше атап етеді. Оның билігі өте



қайшылықтарға толы болғанын атап өтті, сонымен қатар оған қарсы оппозициялық топты Диетсальво бастады дейді. Макиавеллидін айтуынша ол кезде үстем тап республиканы жай халық емес, магистранттар басқарғанын қалаған. Гвиччардинидің айтуы бойынша қарсы топтар демократиялық методпен әрекет етуге тырысты. Себебі жаңа сайлау Комиссиясын құру қажет деп тапты, осылайша гонфольер болып Никколо Содерини тағайындалды. Макиавеллидін айтуынша Содерини Пьерионың жақтасы және ол Флоренцияның еркін магистраттармен басқарылуын қалады. 1465 ж. герцог Миланский қайтыс болып, оның мұрагері Галеацо Флоренцияға келіссөзге елші жібереді. Ол бойынша Флоренция жыл сайын белгілі соманы төлеуі тиіс болды. Пьero одактасымен достық катынасты үзбек үшін төлемді төлеуге мәжбүр болды. Оппозиция гонфalonьер болып Роберто Лиони, Пьерионың жақтасы болғанда аяқталды және жаңа парламент құрылды. Сайлау нәтижесінің кате жасалған деген айыппен Пьero мен Содерини жер аударылды, ал 1469 жылы қайырымды Пьero қайтыс болған сон баласы Лоренцо Медичидін билігін қаламаған Содерини, Әулие Антонио шіркеуінә жинальып өз кандидатурасын ұсынды. Ол кезде тәжірибесі аз, небары 20 жастағы Лоренцо Сфорцадан көмек сұрайды. Өз кезегінде Макиавелли мен Гвиччардини Пьериоға нағыз билеуші атағын берді.

"Флоренция тарихында" ХV ғ. тарихи оқиғалар жинақталған. Италияда билеуші-реформатор болған жоқ, флоренция республикасы "аралас" биліктен айрылды, "варварлар" қүшейіп кетті. Билеуші мен республика мәселесі реалды шындықтағы Содерини билігіне негізделген. Лоренцо Медичидін өлімінен кейін Урбинский титулын алған герцог Макиавелли үшін идеалды билеуші мен мемлекетті ұйымдастыруы үлгі ретінде алынды.

Әдебиеттер:

1. История Италии. Под ред. С.Д. Сказкина. - Т. I. – М., 1970. – 574с.
2. Горфункель А.Х. Гуманизм и натурфилософия итальянского Возрождения. – М., 1977. – 423с.
3. Рутенбург В.И. Италия и Европа накануне нового времени.– Л., 1974. – С. 323.
4. Storia di Milano, ed. Treccani, t. VIII. Milano, 1967; с Cippola, I Movimenti economici generale (1350 - 1500). – 348 р.
5. Ролова А.Д. Роль патриархальных монархий в период политической республики во Флоренции. (1527 - 1530). – М., 1989. – С. 411.
6. Брагина Л. М. Общинное землевладение в северо-восточной Италии XIII - XIV вв. // Средние века. - Вып. XII. – М, 1958. – С. 87-98.
7. Серени Э. Развитие капитализма в итальянской деревне. – М, 1951.– С. 184.
8. Сказкин С. Д. Исторические условия восстания Дольчино. - "Доклады советской делегации на X Международном конгрессе историков в Риме". – М., АН СССР, 1955. – С. 59.
9. Verri P. Storia di Milano. – Firenze, 1851. – Р. 211.